

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2023-2024 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№7 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

23 ақпан 2024 жыл

Өткізілген орны: Мәдениет сарайының кіші залы

Өткізілген уақыты: 2024 жыл 23 ақпан, сағат– 15:00

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ 2023-2024 оқу жылында еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жопарлау (*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы Е.Ш.Шахабаев*);

2. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру нәтижелері (*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы Е.Ш.Шахабаев*).

3. Өртүрлі мәселелер

3.1 УЕ-ХҚТУ-048-2024 - Дипломдық (жұмыс) жобаларды дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесіне өзгертулер енгізу (*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары – Қ.А.Полатбекова*);

3.2 «Оқушы жастардың салауатты өмір салтына бейімдейтін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етудегі волонтерлік қызмет» атты оқу бағдарламасын бекіту (*Баяндамашы: п.ғ.д., профессор Ж.З.Торыбаева*);

3.3 2023-2024 оқу жылында өткізілген интернатура, резидентура білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясы есептерін бекітуге ұсыну (*Баяндамашы: Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің деканы А.С. Абдрахманова*);

3.4 Денсаулық сақтау мамандарына арналған біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламаларын бекіту (*Біліктілікті арттыру орталығы, жоба менеджері – А.М. Досмаилова*);

3.5 2023-2024 оқу жылындағы 2 семестрде өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар жоспарын бекіту (*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы Е.Ш.Шахабаев*);

3.6 Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (*Баяндамашылар: Факультет төрағалары*).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кадр даярлау бағыттары бойынша Академиялық комитеттерде тиісті кафедра меңгерушілерінің және факультет декандарының қатысуымен әр ББ бойынша Атамекен ҰП рейтинг нәтижелеріне терең талдаулар жүргізіліп, жақсарту іс-шаралары жоспарлансын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1 Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларына қанағаттану деңгейін анықтауға бағытталған сауалнамаларды ұйымдастыру және білім беру бағдарламаларының кезекті аудитін жүргізу мәселелері бойынша кадр даярлау бағыттары бойынша Академиялық комитеттердің басым көпшілігінің жұмыстары қанағаттанарлықсыз деп бағалансын; *Түзету мерзімі 16.03.2024ж. (Жауапты: АК төрағалары);*

2.2 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағытындағы Академиялық комитеттің жұмыс берушілермен жаңа форматта өткізілген сауалнама нәтижелері зерделеніп, барлық Академиялық комитеттерге оң тәжірибе ретінде тарату ұсынылсын. *Орындалу мерзімі 16.03.2024ж. (Жауапты: ӘЖҰ бөлімі);*

2.3 Академиялық комитеттерге барлық деңгейде ББ аудиттерін өткізу және нәтижесінде ББ на өзгірістер енгізу қажеттіліктерін анықтау міндеттелсін. *Орындалу мерзімі 23.03.2024ж. (Жауаптылар АК төрағалары).*

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1 Дипломдық (жұмыс) жобаларды дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесіне өзгертулер енгізілсін *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары – Қ.А.Полатбекова).*

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.2 «Оқушы жастардың салауатты өмір салтына бейімдейтін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етудегі волонтерлік қызмет» атты оқу бағдарламасы бекітілсін *(жауапты: п.ғ.д., профессор Ж.З.Торыбаева);*

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.3 2023-2024 оқу жылының қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының есебін бекіту үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын (жауапты: Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің деканы А.С. Абдрахманова).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.5 2023-2024 оқу жылындағы 2 семестрде өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар жоспары бекітілсін (жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы Е.Ш.Шахабаев).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.6.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы Г.Шериева, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Ж.Н.Сүлейменова және №13 Ө.Науи мектебінің мұғалімі Г.Асылбекованың авторлығымен дайындалған «Қазақ тілі» атты оқу құралы бекітілсін.

3.6.2 Төмендегі көрсетілген оқу құралдарын бекіту үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

3.6.2.1 Жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Физика» кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор Е.Досымов, аға оқытушы, PhD доктор Б.А.Құрбанбеков, PhD доцент Ш.Ж.Раманкулов пен А.Паттаевтардың дайындаған «STEM and creativity» атты қос тілді оқу құралы (жоба қаражаты есебінен);

3.6.2.2 Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті, «Жалпы дәрігерлік практика №1» кафедрасының м.ғ.к., аға оқытушысы Г.Н.Сарсенованың «Артериальная гипертензия: этиология, патогенез, клиника и лечение» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

3.6.2.3 Теология факультеті, «Теология» кафедрасының оқытушылары проф., доктор Метин Иылмаз, PhD А.Усаинованың дайындаған «Түркі ислам тарихы және мәдениеті» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

3.6.2.4 Спорт және өнер факультеті, «Орындаушылық өнер» кафедрасының ө.ғ.к., профессоры Т.Ә.Қоңыратбайдың «Музыка маманының педагогикалық репертуары» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

**Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы**



А.Б.Тасова